
Жәнеде айтылған конденсаторлық батареяларды параллельді қосқан уақытта жоғары жиілікті және үлкен амплитудалы өтпелі тоқтар пайда болады. Сырғымалы және розеткалық контактілі элегазды ажыратқыштарда бұл өтпелі тоқтар контактілердің қозғалмалы бөліктерінің бәсеңдеуіне

әкеледі. Сондықтан бұл жүктемені азайту үшін шаралар қолдану қажет (дроссельді катушкалар).

Ал индуктивті коммутациялық операциялар туарлы айтатын болсақ, ең алдымен жүктелмеген трансформаторлар туралы әңгіме қозғалады. Бұл кезде ажыратқыштағы токтың қиылуынан асқын жүктемелер пайда болады.

Егер вакуумдық ажыратқышты қолданатын болсақ қиылған токтардың шамасы аса көп емес (5 А – дан төмен). Сондықтан жүктелмеген трансформаторды өшіру барысында пайда болатын жүктемелер аса байқаусыз болғандықтан қосымша асқын жүктемеден сақтандыру құралдардың қолдану қажет емес. Ал элегазды ажыратқышты осы жағдайда қарастырсақ, дәл вакуумды ажыратқышпен бірдей қиылу токтар байқалады. Бірақ элегазды ажыратқыштың қосымша поршеньді түрін ерекшелік ретінде қарастырсақ болады. Бұл түрде қиылу токтардың шамасы әлде қайда жоғарырақ.

3.2.2. Жұмыс сенімділіктері

Ал бұл жаңа ажыратқыштарды ығыстыра тұрып қазіргі уақытқа дейін кеңінен қолданылып келген жоғарғы вольтті ажыратқыштардың жұмыс сенімділіктерін қарастырсақ.

Жұмыстың сенімділігі мен нәтижелігін бағалаудағы негізгі қағидалардың бірі ол пайдалану барысындағы сенімділік көрсеткіш (MTBF – mean time between failures), яғни апаттық жағдайсыз жұмыс істеу жылдары болып табылады. Ал MTBF тың кері көрсеткіші ол жұмыс барысындағы сәтсіздік саны. Көп жылдар барысындағы ажыратқыштарды қолдану анализдерің нәтижесінде элегаздық пен вакуумдық ажыратқыштардың сенімділігінің көрсеткіші – жуық шамамен коммутациялық камераның құрамдық бөліктерінің санына кері пропорционал болып табылады. Осының нәтижесінде орта шамамен жуықталып есептелген доға сөндіргіш камераның құрамдық бөліктерінің саны анықталды.

3.1-кесте - Құрамдас бөліктерінің санын салыстыру.

	Элегаздық	Вакуумдық
Коммутациялық камераның құрамдық бөліктердің жалпы саны	52	22
Қозғалмалы бөліктері	24	9

Қарапайым мысал ретінде Siemens компаниясының вакуумдық ажыратқышының MTBF-ы 1000 жылға тең, ал Siemens-тің өзінің доға сөндіру камерасының MTBF-ы – 24,000 жылға тең. Жоғарыдағы кестедегі шамалардың нәтижесіне қарап элегазды ажыратқыштардың доға сөндіруші камерасының бөшектері вакуумдыға қарағанда көбірек екендігін көрсетеді. Сондай-ақ назар аударатын жері ол – қозғалмалы бөліктерінің көптігінде. Ал қозғалмалы бөліктердің істен шығуы әрине көбірек, статикалық бөліктеріне қарағанда.

Осы жоғарыда айтылып кеткен салыстырулар нәтижесінде келесідей қорытындыға келдім. Элегазды ажыратқышқа қарағанда вакуумды ажыратқыштан өте жоғары салыстырмалы сенімділікті күтсе болады. Бірақ бұл шешім элегазды ажыратқыштан бас тартуда емес. Кез келген ажыратқыш орнатылу барысында 1000 жылға есеппен орнатылмайды. Өйткені қазіргі кездегі электр қондырғылардың жыл сайын қарқынды дамуы бұл коммутациялық аппараттардың уақыт талабына сай модернизациясын керек етеді.

3.3 Заманауи элегаздық ажыратқыштар

Ең алғашқы элегазды ажыратқышты қолдану үшін патенттер Виталий Гроссе (AEG) және одан кейін АҚШ та Лингал, Броун мен Шторм (Вестингауз компаниясы) мен тіркелген. Ал ең алғашқы рет SF6 ажыратқышын қолдану 1953 жылы белгіленген. Кернеуі 15 пен 161 кВ және айырғыш қуаты 600 Ампер жоғарғы вольтті кернеу ажыратқыштары әзірленген. Вестингауз компаниясымен 1956 жылы әзірленген ең алғаш жоғарғы вольтті автоматты ажыратқыш 5 кА токты 115 кВ кернеуде токты ажарата алған. Бірақ бұл ажыратқышта 6 ажырату камерасы тіректі тібектей орнатылған. Бір жыл өте өзгертілген компрессия әдісі жасалды. Бұл әдіс поршень мен цилиндрдің қозғалысы нәтижесінде форсункадағы доғаны өшіре алатындай қысымды шығару үшін қолданылды. Ол оқшаулағыш материалдан жасалды. Осы әдісті қолданғанда қысым әдетте газдың қысылуынан пайда болады. Алғаш токты ажырату қабілеті бар жоғарғы вольтті ажыратқыш Вестингаузбен әзірленген. Бұл бактік ажыратқыш әлде қайда тиімді болған. Бірақ та бір тірекке үш камера және доғаны өшіру үшін қолданылатын үлкен қысым көзі келесі ажыратқыштардың даму барысында бас тартарлықтай шектеулер болған. SF6 газының айтарлықтай керемет қасиеттері осы әдісті қолдануының тез таралуына әкелді. Өткен ғасырдың 70-жылдарында ол газды оқшауланған ажыратқыштармен жұмыс істей бастады. Оларды қолдану ауданы 750 киловольтке дейінгі кернеумен шектелінген.

Қазіргі уақытта 110-1150 кВ кернеуі үшін ең қолданысқа ие және танымалы элегаздық ажыратқыштар болып табылады. Вакуумдық ажыратқыштармен бәсекесерліктей 10-55 кВ кернеуіне арналған шағын электрлік қосқыштарды әзірлеу бойынша көптеген зерттеулер жүргізілуде.

Егер элегазды ажыратқышты ауалық ажыратқышпен саластыра бастасақ, онда ауалық ажыратқышқа қарағанда элегазды ажыратқышты қолданудың бірнеше себептерін айта аламыз:

- жұмыс барысында толықтай дыбызсыз;
- тез ажырату қасиетіне ие;
- механикалық және коммутациялық тұрғыдан сенімділігі жоғары;
- өрт-жарылысқа төзімді;
- құрлысы ықшам және ауа өткізбейді;

Қазіргі уақытта элегазды ажыратқыштарда доғаны өшірудің екі қағидалы түрі белгілі, сонымен, бірінші болып қарастыратынымыз: ол элегаздың жоғары қысымынан төмен қысымға әсеріне өзара әсерлесуден тұрады. Нәтижесінде, пайда болған доға суыйды, және SF₆ газын сұйық күйге ауысады, жоғары дәрежелі өріс пайда болғандықтан, доға сәулелендіру қабілеті едәуір нашарлайды, жоғары қысымды бак 10 градус Цельсийге дейін қызуы керек. Бұл принцип шетелдік энергетикалық жүйелерде кеңінен қолданылады.

Ал біздің елде қолданысын тапқан тағы бір принцип автокомпрессиондық деп аталады. Мұнда доға-өшіруші камераның ішіндегі компрессиондық құрылғысын жасайтын қысымның төмендеуін қолданады. Бұл үшін қысымы шамамен 0,6 МПа қысымымен элегазды-ажыратқышқа толтырады. Осының нәтижесінде төмен температурада сенімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Тіпті 40 градус Цельсий нөлден төмен.

Элегазбен толтырылған ажыратқыштар бірнеше түрге бөлінеді, және олардың екеуіне тоқтала кетсек. Бірінші түрінде қарапайым атауы бар: екі қысымды деңгейі бар. Бұл бойлық үрленуі бар доға-сөндірушіні жұмыс бастар алдында резервуардан жоғары қысымды газ беріледі. Бірақ осы типті ажыратқыштарды қолдану құрылысы жағынан күрделендірілген. Нақтырақ айтсақ екі элегаздық беріліс жолының және тазартушы фильтрдің болуы себебінен. Өйткені газды әр қолданыстан кейін регенерациялау қажет. Ал үрлегіш клапанның тығыздатқыштардың – жоғары қысымды беріліс жолында бар болуы осы құрылғының сенімділігін әлсіретуге айтарлықтай әсер тигізеді.

Екінші түрі – автокомпрессиондық. Бұл құрылғының бір қысым деңгейі бар. Осы нақты құрлус түрі қазіргі уақытта шет елдерде кернеуі 420 кВ және кернеуі 550 кВ - кеңінен қолданысқа ие. Бұл ажыратқыштардың оң жағы ол құрлыс сұлбасының қарапайымдылығымен және жоғары ажырату қабілетімен ерекшеленеді. Оған қоса егер тағы элегаздық ажыратқыштың полюсінің конструкциясын – ауалыққа қарағанда одан әрі қарапайым түрде жасасақ, онда бірінші ажыратқыштың сенімділігі әлде қайда артады. Құрылғының ең маңызды элементі – беріліс қорабы (передача), автокомпрессионерлік құрылғының қозғалысын қамтамасыз ететін қораб болып табылады. Бірақ көптеген зерттеулер нәтижесінде төмен температураларда ажырату қабілетінің нашарлауының бар екенін көрсетті.

Оның ең ықтимал себебі ол қысымды жоғарылатқаннан кейін пайда болатын элегаздың конденсациясы болуы мүмкін.

3.4 SF6 газының электр жабдығынан ағып кетуі жағдайында адам өміріне зияндығын қарастыру

Бұл бөлікте SF6 газының қоршаған кеңістікке таралу мәселесі қарастырылады. Және осы негізде қарапайым мысал келтірілген. Бұл мысалдан ең жаман қарапайым жұмыс барысында кездесуі мүмкін жорамалдар алынды.

1) Коммутаторлық жабдық бар бөлмеде сыртқы атмосферадан оқшау орналасуы, яғни желдетуінің болмауы.

2) Коммутатор корпусында адсорбенттің болмауы.

3) Әр коммутатор үш қысқа тұйықталу номиналды тогын ажыратуы.

Осы жағдайлар бірдей орын алсада қарапайым SF6 газының таралуынан адам өміріне еш зиян болу мүмкіндігі жоқ.

Ал егер күтпеген жағдайлар орын алған жағдайды қарастыра кетсек. Мысал ретінде негізгі бөлімде алынған өндіріс орынын алсақ. Бірақ барлық таңдалған элегаздық ажыратқыштарды бөлек коммутациялық бөлмеге орналастырсақ. Бұл мысалда қарастырылатын бөлме саңылаулы, желдетусіз және оның ауданы 700 м³ деп алынды. Бұл тәжірибенің сызбасы келесі бетте келтірілген. Және келесі есептеулерде SF6 газының ағып кетуі аяқ асты орын алған жағдайын есепке алдым. Осылайша егер SF6 газының бір уақытта ағып кетуін қарастырсақ SOF₂ концентрациясы 9,0 ppmv деңгейінде болатынын байқаймыз, яғни TLV ның шектік мәнінен 6 есе көптігі байқалуы. Ал екінші айта кетерлік шарт ол біздің құралдарда қысым деңгейінің түсу датчиктерінің болуында. Олар әдетте номиналды газдың толуы шамасының ~80% іске қосылады. Яғни газдың жуықтап алғанда 20% ғана есепке алынады. Осы себеппен кеңістіктің ауасындағы SF6 ның шамасы 1,8 ppmv – ға жуықталады. Есептелу нәтижелері 4.3.2. кестесіне енгізілді.

3.2-кесте - Қарастырылған тәжірибе нәтижелері

1	Бөлме көлемі (м ³)	700
2	Ажыратқыш корпус көлемі(м ³)	0,5
3	Толтырылу қысымы (МПа)	0,5
4	SF6/ажыратқыштағы көлемі(м ³)	0,25
5	Ажыратқыштар саны	10
6	SF6 ның ажыратқышта өндірілу өлшемі (л)	7,87
7	Атмосфералық қысымның толтырылу қысымына қатынасы (МПа)	0,4
8	SOF ₂ мүмкін ағып кету өлшемі (л)	6,3
9	Коммутациялық залда SOF ₂ тығыздығы (ppmv)	

Жоғарыда айтылған тәжірибе негізінде желдету жүйесінің қауіпсіздік тұрғысынан маңызды орын алатыны анық.

4 Желдету жүйесінің есебі.

Жаппы барлық желдету жүйесін жобалау барысында біркелкі әдістермен, яғни бірнеше коэффициент факторлары ескеріліп, табылады.. Желдету жүйесінің есебі келесі жүйелікпен өңделеді: Желдету желілерінің беріліс пен қайта жүру сұлбасын анықтап алғаннан кейін, оларды біркелкі бөліктерге бөліп, ауа жүретін құбыр көлемдерін анықтауымыз керек.

1) Ауа алмасу шамасын анықтап алғаннан кейін $G(\text{м}^3/\text{с})$ желдету мөлшерін есептейді W_B ;

$$W_B = 1,3 \cdot 19469 = 25309,7 \text{ м}^3/\text{ч}$$

K_3 -коэффициент қоры(1,3-2,0)

2) Ауа өтетін құбыр бөлітеріндегі қысымның артық мөлшерін яғни басқалай айтқанда шығының қалдық шамасын есептейміз $H_{\text{пп}}(\text{Па})$

$$H_{\text{пп}} = \psi_m \cdot l_m \cdot \rho_B \cdot v_{\text{cp}}^2 / 2 d_m \quad (4.1)$$

$\psi_m = 0,02$ - ауа жүретін құбыр жолындағы кедергінің ескерілуі
 l_m -құбыр бөлігінің ұзындығы, м;
 ρ_B –құбырдағы ауа тығыздығы, $\rho_B = 1,213 \text{ кг}/\text{м}^3$
 v_{cp} – құбырдағы ауаның орташа салыстырмалы жылдамдығы $v_{\text{cp}} = (8-12) \text{ м}/\text{с}$.
Шеткі цехтардағы ауа құбырлары үшін $v_{\text{cp}} = (1-4)$, м/с
 d_m - учаскіде қабылданған құбырдың көлемі (м).

Және есептеу цехтың ауданына бір сағаттың ішінде, бөлінген және келген жылу көлемін анықтаумен басталады.

Жарықтандырудың бөлетін жылу шамасын анықтау:

$$Q_1 = \varphi \cdot N_{\text{осв уст}} \cdot \gamma_0 \quad (4.2)$$

$$Q_1 = 0,8 \cdot 12,79 \cdot 0,25 = 2,558 \text{ кВт}$$

мұнда: φ - электр энергиясын мөлшерінің коэффициентін ескерілу, жылуға айналуы, жарықтану қондырғылары үшін 0,8-ге тең.

γ_0 - ұзыннан кескендегі қосу коэффициенті, цехтың жарықтандыру қондырғысының қуаттылығы 0,25-ге тең.

$N_{\text{осв уст}}$ - цехтың жарықтандыру қондырғысының қуаттылығы.

Қызметкерлердің жұмыс барысындағы жылу бөлуі.

$$Q_2 = q \cdot n \quad (4.3)$$

$$Q_2 = 116 \cdot 30 = 3,48 \text{ кВт}$$

мұндағы q - қызметкердің 1 сағаттың ішінде бөлетін жылу шамасы 116Вт,
 n - осы цехта жұмысшылар саны.

Қыс мезгіліндегі сыртқы фактор әсерін нөлге тең деп аламыз, ал күндізгі жаз мезгілінде жылу мөлшерін келесі формуламен есептейміз:

$$Q_3 = F_{\text{ост}} \cdot q_c \cdot K_{\text{ост}} \quad (4.4)$$

$$Q_3 = 5 \cdot 16 \cdot 224 \cdot 1,25 = 22,4 \text{ кВт}$$

$F_{\text{ост}}$ -цехатғы терезе саны (терезе ауданы $4 \cdot 4$, осы учаскеде 5 терезе бар), $q_c = 224 \text{ Вт/м}^3 \cdot 1 \text{ м}^2$ деп аламыз

Электр қондырғыларынан бөлінетін жылу мөлшерін анықтау:

$$Q_4 = n \cdot (1000 \cdot \beta \cdot \alpha \cdot N) \quad (4.5)$$

$$Q_4 = 1000 \cdot 0,5 \cdot 0,7 \cdot 30 \cdot 1 = 10,5 \text{ кВт}$$

α - цехтағы құралдардың шығатын жылу шамасының үлесінің ескерілу коэффициенті, бұл жағдайда электр пештер үшін $-0,7$ -ге тең .

β - қондырғының біркелкі жұмыс істеуі.

N - пештің қуаты (0,5-1).

Бөлмеге берілетін ауаның жеткілікті шамада жеткізілуі үшін жалпы жылуын есептейміз:

Жазда $Q_{\text{изб}} = Q_1 + Q_2 + Q_3 + Q_4 = 2,558 + 3,48 + 22,4 + 10,5 = 38,938 \text{ кВт}$

Қыста $Q_{\text{изб}} = Q_1 + Q_2 + Q_4 = 2,558 + 3,48 + 10,5 = 16,538 \text{ кВт}$

Бөлінетін жылу мөлшерін шығарып тастау таза ауаның келесі шамада жеткізілуі қажетті:

$$G_{\text{жаз}} = \frac{3,6 \cdot Q_{\text{изб}}}{C \cdot \gamma \cdot (t_{\text{ух}} - t_{\text{нор}})} = \frac{3,6 \cdot 38,938 \cdot 10^3}{1 \cdot 1,2 \cdot (26 - 20)} = 19469 \text{ м}^3 / \text{ч}$$

$$G_{\text{қыс}} = \frac{3,6 \cdot Q_{\text{изб}}}{C \cdot \gamma \cdot (t_{\text{ух}} - t_{\text{нор}})} = \frac{3,6 \cdot 16,538 \cdot 10^3}{1 \cdot 1,2 \cdot (18 - (-15))} = 1503 \text{ м}^3 / \text{ч}$$

6.3-кесте-Желідегі қысым шығынын есептеу.

Цех	Учаскінің ұзындығы, м.	Учаскі орта жылдамдық м/с	Ауа бөлгіштің диаметрі мм	$H_{\text{шп}}$, Па	$H_{\text{м1}}$, Па ($\Psi_{\text{м}}=1,1$)	$H_{\text{м2}}$, Па ($\Psi_{\text{м}}=0,2$)	ΣH Па
1	2	3	4	5	6	7	8
1,5,	12	2	125	4,66	2,94	0,49	8,08
2,3,7	4	2	140	1,39	2,94	0,49	4,81
6,4,9	5	3	160	3,41	6,00	1,09	10,51
8,10	7	3	180	4,25	6,00	1,09	11,34
12	3	5	140	6,50	16,68	0,00	23,18
11	6	7	200	17,8	32,69	5,94	56,48
							114,4

Керекті шамалар қатарының барлығын алғаннан кейін, радиалды Ц4-70 желдеткішті таңдаймыз. Желдету жылдамдығы 16,5 м/с және пайдалы әсер коэффициенті $\eta = 0,5$.

А және N(айн/мин) шамасын табу үшін, формуламен айналым санын есептейміз:

$$n_b = A/Nh$$

$$n_b = 2500/3 = 833 \text{ об/мин}$$

Желдеткіш үшін электрқозғалтқыштың қуаттылығын $P_{\text{дв}}$ (кВт) есептейміз.

$$P_{\text{дв}} = H_b W_b / 3600 \cdot 1000 \cdot \eta_g \cdot n_{\approx} = 114,38 \cdot 26572 / 3600 \cdot 1000 \cdot 0,9 \cdot 833 = 1,12 \text{ кВт.}$$

мұндағы H_b – желдетуге кететін және керекті қысым (Па)
 n_{\approx} - керекті пайдалы әсер коэффициенті(0,90-0,95)

Цехты желдетілуінің үйлестіріле желдету тәсілен есептеу аяқталды. Бір уақытта ластанған және ыстық ауадан құтылып таза ауа жеткізілуін қамтамасыздандырылды.

5 Экономика бөлімі

Резюме

Жоспардағы цехқа керекті деген қондырғылар қатары алынды және орнатылды. Бұл цех келесідей өнім қатарын өндіреді: жиһаз бұйымдары, станок бөліктері мен мобильді-контейнерлі ғимараттар.

Бизнес-жоспардың негізгі қойылған мақсаты - цех орналасқан ауданнан бөлек басқа да аудандарда сапасы жағынан шет ел өнімдерімен және басқа да жергілікті өнімдермен бәсекелесерліктей өнім шығарып сату. Алдағы уақытта халықаралық сату орындарына өнімді орналастыру.

Ал келесі қойылған мақсат ол - отандық өндірушілерінің өндіріс потенциалын бекіту мен нығайту.

Шығарылаын өнімдер қатары:

- жылжымалы ғимараттар
- жиһаз өнімдері
- станок бөліктері

Жоспар бойынша, бұл жиһаз цехы тек ҚР бойынша ғана лайықты орын алудан бөлек, ТМД елдерінде бәсекелесерліктей өнім шығарып экспорттау.

Цех шығаратын өнімдердің барлығы мемлекеттік және басқада нормативті бекітілген стандарттарға құжат бойынша сәкес келеді

5.1 Маркетинг жоспары

Өнімнің бәсеке тұрғысынан қабілеттілігін анықтайтын фактор – сапасы мен сатылу сұранысы болып табылады. Өнімдердің сатылымдағы экономикалық жағынан табыс әкелуінің негізгі факторлары келесідей:

- өнімге лайық сұраныстар санын қанағаттандыру;
- өнімнің сапасын жақсы деңгейде ұстау;
- өнімге лайық бағасы;

Аталған факторларға қол жеткізу үшін сатылатын аймақтарға біркелкі жеткізілу жолдарын қарастырып, әр өнім түріне лайық жарнамаларды жоспарын дайындау қажет. Бұл үшін өнім қай салаларда сұранысқа ие екендігін анықтау міндетті. Біздің жағдайда өнімдер өндірістік мақсаттардағы орындарда және қарапайым жиһаз сұраныстарына ие.

Сондықтан цех өнімдерінің жарнамасы аудандар мен қалаларда жүргізілетін көрмелер мен жәрмеңкелерде қатысумен жүзеге асырылады. Одан бөлек ғаламтор беттерінде де жарнамалар орналасады.

5.1.1 Инвестициялық жоспар

Экономикалық тұрғыдан шығындарды есептеудің негізгі мақсаты – өнімнің сатылымдағы сұранысы мен мүмкін өнідірс барысындағы шығындарды есептеу.

Зауыт энергожүйе қосалқы станцияларынан қоректенуді жүзеге асырады, зауыттан 1,4 км ара қашықтықта орналасқан, қуаттылығы 100 МВА

параллель жұмыс істейтін трансформатор орнатылған, кернеуі 115/37/10,5 кВ. Қабылданған жабдықтау нұсқасы үшін инвестиция есебін жасаймыз.

5.1.2 Қаржы жоспары

Бұл жобада қарастырылған жабдықтарды алу мен өнімді шығару үшін келесідей инвестиция керек:

I-нұсқа -402,123 мың у.е.= 97,917 млн. тг

Сонымен бағасы 500.000 тенге құрайтын 300 дана тауардың сатуынан алынатын табысты есептейік:

$$D = \sum C_i \cdot P_i,$$

мұнда C_i - қосылатын баға(көтерме баға);

P_i -шығарылатын өнім саны (дана).

Қосылған бағамен сатылғандағы келетін табыс:

$$D = 1,2 \cdot 300 = 360 \text{ млн. тг}$$

Өнімді шығаруға кететін шығын:

$$Z = \sum S_i \cdot P_i,$$

Мұндағы S_i - өнімнің таза өз бағасы.

P_i - шығарылатын өнім саны (дана).

Шығын шамасын келесі формуламен анықтаймыз:

$$Z = 0,7 \cdot 300 = 209,82 \text{ млн. тг}$$

Осы кезде цехтың табысы:

$$Pr = D - Z,$$

30% мөлшердегі табыстан алынатын салықты есептегенде алынатын таза табыс:

$$ЧPr = Pr(1 - 0,3),$$

Таза табыс келесіге бөлінеді:

36%- өндіріс көлемін ұлғайту үшін

20%- кездесетін шығындарды өтеу үшін

36%- акционерлік дивиденттерді өтеу үшін

8%- несиені төлеу үшін

Әр жыл сайын таза табыстан 8%-ән банкке несиені жабу үшін алады.
Ақшалық ағын:

$$CF_1 = ЧП \cdot 0,08 = 105,125 \cdot 0,08 = 8,41 \text{ млн.тг.}$$

$$CF_2 = CF_1 - I_{\text{потери}2} = 8,41 - 8,11 = 0,3 \text{ млн.тг}$$

Бұл дипломдық жұмыста инвестицияның экономикалық тұрғыдан орындылығын таза келтірілген баға әдісімен есептейміз (NPV).

Таза келтірілген баға төмендегі формуламен анықталады:

$$NPV = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0, \quad (5.5)$$

мұнда CF-бір жыл ішіндегі табыс

n- жобаны іске келтіру үшін кететін уақыт

I₀- инвестицияның толық көлемі

r- несиенің проценттік көрсеткіші

Таза келтірілген баға есептеулер нәтижесін кестеге енгізейміз

5.1-кесте - Таза келтірілген күн есептеулері

жылдар	CF, млн.тг	r=18%	АҒЫМДЫҚ баға	r=25%	АҒЫМДЫҚ баға
0	55,917	1	-8,111	1	-8,111
1	8,41	0,893	7,51	0,8	6,73
2	8,41	0,797	6,70	0,64	5,38
3	8,41	0,712	5,99	0,512	4,31
4	8,41	0,636	5,35	0,41	3,45
5	8,41	0,567	4,77	0,328	2,76
6	8,41	0,507	4,26	0,262	2,20
7	8,41	0,452	3,80	0,21	1,77
8	8,41	0,404	3,40	0,168	1,41
9	8,41	0,361	3,04	0,134	1,13
10	8,41	0,322	2,71	0,107	0,90
11	8,41	0,287	2,41	0,086	0,72
12	8,41	0,187	1,57	0,069	0,58
13	8,41	0,163	1,37	0,055	0,46
14	8,41	0,141	1,19	0,044	0,37
15	8,41	0,123	1,03	0,035	0,29
16	8,41	0,107	0,90	0,028	0,24
17	8,41	0,093	0,78	0,023	0,19
18	8,41	0,081	0,68	0,018	0,15
			Σ60,28		Σ33,52
			NPV=4,37		NPV=-22,4

PP анықталуы(өтімділік уақыты)

Өтімділік уақытын келесі формула арқылы табамыз:

$$PP = \frac{I_0}{CF},$$

мұнда I_0 - инвестицияның толық көлемі

CF-ақша ағымы

Өтімділік мерзім:

$$PP = \frac{55,917}{8,41} = 6 \text{ жыл } 6 \text{ ай}$$

Қорытынды: Есептеулер нәтижесінде өтімділік мерзім $PP=6$ жыл 6 айға тең. Осы уақыт ішінде өндіріс өзінің шығынын толығымен ақтарлықтай қабілеті болады.

6.Жұмыс қауіпсіздігі

6.1.Элегазбен, абсорбенттер мен өндірістік қалдықтары жұмыс барысындағы қауіпсіздік техникасы

Элегаз баллондары желдетілетін орында, тігінен орналастырылып бекітіліп күйде сақталуы қажет.

Өрт апаты орын алған жағдайда бқл баллондар дереу шығарылып, немесе сумен суытылуы керек.

Элегаздық коммутациялық жабдықтарды жөндеу барысында, таза элегазбен, сондай-ақ оның ластанған өнімдерімен қалдықтарымен жұмыс барысында қауіпсіздік техникасының бірқатар ерекше қыр-сыры туындайды.

Таза элегазбен жұмыс барысындағы қауіпсіздік техникасы. Толық қауіпсіздік мақсатында тексеріс пен жөндес жұмыстары жүргізілу үшін элегаздың бөлменің ауасындағы шоғырлануы : адамның осы бөлмеде ұзақ болуы үшін – 0,08%, аз уақыт мерзімі үшін 1%, және аз уақыт мерзімі үшін – 20% болуы тиіс.

Элегаздың бөлмедегі шоғырлануын шектеу шаралары ретінде, және ауада нормадан тыс мөлшерді шектеу ретінде міндетті түрде желдеткіштер орнатылуы тиіс.

Ауадағы шоғырлануын уақыт аралы тексеріліп отыруы үшін арнайы `течеискатель` құрылғысының болуы қажетті. Бұл жабдықтың жұмысқа дайындығы инструкцияға сай орындалуы тиіс. Және өлшемдерді еденнен 15-20 см қашықтықта алу керек.

Ал бұл құрылғының болмауы жағдайында қарапайым балауыз шамды қолдануға болады. Еденнен 10-15 см қашықтықта барлық өртке қарсы қауіпсіздік шараларын ескере отырып шамды жағу. Егер аталған шам жанбаса бұл бөлмеге кіруге тиым салынады. Және бөлмеде қарқынды желдету керек, одан кейін қайта тексеру орындалуы міндетті.

Элегаздың шоғырлануының орнатылған шамадан тыс болуын байқау жағдайында ПШ1 (ПШ2) фильтрлағыш газ оқшаулағыш маскасын қолдану керек.

Бұд фильтрлағыш масканы қолдану үшін тек арнайы таныстырылудан кейін, яғни масканы қолдану жолдарын үйреніп керекті икемді алып қана рұқсат алуға болады.

Бір бөлмеде маскамен жұмыс істеуші қызметкерлер саны екіден аз болмауы қажет. Және олармен әрдайым үзіксіз байланыс жүргілуі керек.

Адамның өздігінше элегаз концентрациясы шектен тыс екенін байқалған бөлмеге кіруіне тиым салынады.

Элегаз өнімімен өндірістік қалдықтарымен жұмыс барысындағы қауіпсіздік техникасы.

Қолданылып жатқан ажыратқыштағы элегаз доғаны көп еселі ажырату кезінде ыдырау өнімдерін, яғни күкіртті, фторлы газдарды немесе фторидтті металлдарды шығаруы мүмкін.

Тіпті кішкене өлшемдеге газтекес өнімдердің ыдырауы күйдіргіш және жағымсыз иісті шығаратыны анық. Бұл өз кезегінде мұрынның, ауыздың, көздің тітіркенуінің себебі болады. Ылғал ауада бұл газ ашыған жұмыртқаның иісіне ұқсас иіс болады. Осы иіс пайда болған жағдайда қызметкерлер тез арада таза ауаға шығуы қажет.

Ажыратқыштың полюсінің ашуына дайындық шарасы ретінде қызметкер үшін келесідей қорғаныс құралдары және шаралары орындалуы міндетті: қорғаныс каскасы ЕОСТ 12.4.087-84, резеңке қолғап ГОСТ 20010-93, саңылау түссіз әйнекті көзілдірік ГОСТ 12.4.013-97, қорғаныс белдемшесі ГОСТ 12.4.029-76, В маркалы РПГ-67 типті респираторы ГОСТ 12.4.004-74, ұзын резеңке етік. Жұмыс киімінің жеңі нығыз байлаулы немесе түймеленуі керек, ал шалбар етікке түсірілуі керек.

Жоғарыда аталған полюсті аша салысымен қағаз фильтрі бар шаңсорғыш көмегімен барлық қатты өнімдерді жинап алу қажет. Бұл шаңсорғышты тек элегаз өнімдерінің ыдырау қалдықтарын жинау мақсатында ғана қолдану керек. Және әр жинау процессінен кейін шаңсорғыштың фильтрлері ауысып, ал қалған бөліктері тазалануы керек.

Бұл тазалау процессін 24 сағаттың ішінде нейтралдаушы сұйықтық көмегімен жүргізіледі.

Ал аталған қызметкердің қорғаныс құралдары сумен тазартылып кептірілуі керек.

6.2. SF6 газын коммутациялық жабыдқтарда қолдану. Жабдықтарға элегазды толтыру барысындағы қауіпсіздік техникасы

Жаңадан алынған элегаз (SF6) жеткізілу барысында сұйық түрде баллондармен келеді.



6.1-сурет - Элегаз баллондары

Бұл кезде SF6 баллондағы қысымы манометр бойынша 22 атмосфераға жуықталады. Бұл газ түрімен қолданыс барысында ашық ауада арнайы құрылғыларсыз қолдануға болады. Егер жабық кеңістік туралы айтсақ, SF6 қолданғанда келесі арнайы қолданыс жолдарын қарастыру қажет. Бұл жолдарға қысқаша тоқтала кетсек:

- 500°C жоғары температурада, немесе кейбір металлдардың температурасы 200°C тан жоғары болған жағдайда SF6 газының ыдырауы байқалады. Бұл температуралардың межелік шамасында SF6 ның ыдырауы өте аз жылдамдықта жүреді. Сондықтан SF6 газының бар болған кеңістікте темекі шегу, ашық отты қолдану, электро-дәнекерлеу немесе басқа да осы температураның пайда болу жолдарын алдын-алу қажет.

- Келесі шарт ол – баллондармен жұмыс барысында қарапайым сақтық шарттарын ұстану қажеттілігінде. Мысалға аяқ-асты бұл газды баллоннан шығарған жағдайда температураның түсуі және де тез мұздатылу байқалады. Осы себептен қызметкерлер термооқшаулағыш қоғаптарды қолдануы тиісті.

- Егер жабдықты жаңа SF6 мен толтыру қажет болса жұмыс тәртібі келесдей болады:

-газдың тиісті сапасын тексеру;

-толтырылатын корпуста газдың қысымын шамадан артық толып кетуін алдын алу;

-газдың ауаға таралуын алдын алу;

6.3 Жиһаз цехындағы жұмысшыларға еңбекті қорғаубойынша қойылатын нжалпы талаптар қатары

1. Жиһаз цехына медециналық тексеруден өтіп және осы жұмысқа жарамды деп танылған адамдар ғана осы өнеркәсіпте жұмыс істеуге рұқсат етілуі мүмкін.

2. Еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі, алғашқы медециналық көмек көрсету және осыны растайтын арнайы қағаздарды алу мақсатында нұсқаулықтар мен тәжірибе алған қызметкерлерге жұмыс орындауға рұқсати беріледі.

3. Әрбір қызметкер өз уақытында еңбек қорғау бойынша оқытудан немесе қайта нұсқаулықтар алып отыруы керек. Берілген нұсқаулар мен тренингетн өту барысы бойынша арнайы жазылымдар жүргізіліп отырады.

4. Екі немесе одан көп кәсіптерді біріктіре жұмыс атқаратын қызметкерлер қауіпсіз жұмыс тәжірибесіне үйреніп, орындалатын барлық жұмыстарда еңбекті қорғау бойынша оқытудан өтуі қажет.

5. Әрбір қызметкер ішкі еңбек тәртібінің ережелерін ұстануға міндетті, және ұйымда бекітілген жұмыс пен демалыс уақыттарын сақтауға міндетті.

Темекі шегу тек тағайындалған аймақтарда ғана рұқсат етіледі. Алкогольді ішімдіктерге қатаң тиым салынады. Цех аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан бос уақытында мас күйінде болған адамдар дереу өндірістен алынып сәйкесінше акт толтырылуы қажет.

Цех аумағында адамдардың денсаулығы нашар жағдайда (физикалық немесе психикалық) немесе есірткінің әсерінде болуына жол берілмейді.

6. Өрттің немесе жарылыстың алдын алу үшін келесі талаптар орындалуы қажет:

-Өрт қауіпі бар шеберханаларда ашық отты немесе сіріңкелерді пайдаланбау;

-Пайдаланған тазалағыш материал мен майлы шүберектерді тығыздауыш қақпақты металл қораптарда сақтау қажет;

-Жұмыс орнында немесе жабдықтарда шаңның жиналуын болдырмау;

-Жылыту құралдарында арнайы киім мен аяқ киімдерді құрғатпау;

-Өртке қарсы құралдарға еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

Өрт орын алған жағдайда:

-Мекемедегі немесе өрт бөліміне дереу хабарласу қажет;

-Өрт сөндіруді өрт орын алған жерден бастап арнайы өртке қарсы құралдармен қолдана бастаңыз;

7. Машиналарды, арнайы жабдықтарды және құралдарды басқару үшін арнайы дайындықтан өткен және тиісті сертификаты бар қызметкерлерге рұқсат етіледі.

8.Жиһаз цехында жұмыс істейтін қызметкерлер белгіленген стандарттар бойынша шығарылған жеке қорғау құралдарын (арнайы киім, аяқ киім, каска, қолғап пен т.б.) пайдалануға тиіс.

9.Әр қызметкер жұмыс барысында технологиялық немесе жұмыс ұйымдастыру жоспарымен таныс болуы және олардың талаптарын сақтауы қажет.

10.Қараңғылық басталғаннан кейін немесе нашар көру жағдайлары орын алғанда жұмыс аумағы осы сала нормаларынан кем емес жасанды жарықтандыру болуы керек. Жұмыс орынының жеткілікті жарықтандыруынсыз жұмысқа жол берілмейді.

11.Жөндеу жұмыстары механизмдерің толық тоқталғанынан кейін және электр жабдық шкафтарының толық тоқсыздануынан кейін ғана орындалуы мүмкін. Және осы уақытта өшірілген бас ажыратқышта «Қоспаңыз, адамдар жұмыс барысында» деген жазуы бар белгі орнатылуы қажет.

12.Машиналар, жабдықтар, мотор және қол құралдары стандарттарға сәйкес жақсы жағдайларда қолданылып сақталуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл дипломдық жұмыста келесідей мәселелер қарастырылды:

Негізгі бөлімдегі есеп негізі ретінде кәсіпорынын электрмен жабдықтаулы жобалауға арналған. Жұмыста келесідей негізгі нәтижелер алынды.

Электрқабылдағыштардың берілген саны мен қуаты бойынша слесарлы-құрастыру цехының жүктемесі есептелді. Бұл есептеулер нәтижесі бойынша, және жобаның бастапқы берулері бойынша заводтың 0,4 кВ кернеулі жүктемесі анықталды.

Бұл есептеулер кезінде электр энергиясы 1,4км қашықтықтағы ҚС-дан ЭБЖ 10,5 кВ бойынша беріледі. Жәнеде келесідей жоғарғы вольтты қондырғылар таңдалған: кіріспе ажыратқыштар; элегазды ажыратқыштар; шығатын желіні ажыратқыштар; Өлшеу құралдары, тоқ және кернеу трансформаторлары таңдалған. Осыған байланысты, дипломдық жобада зауыттың электр жабдықтау жүйесінің толық жобалауы орындалды .

Ал арнайы бөлімде элегаздық ажыратқыштардың маңыздылығына және басқа ажыратқыштардың арасында алатын орны мен ерекшеліктеріне негізгі назар аударылды. Жәнеде бұл жиһаз цехының экономикалық тұрғыдағы жағдайына назар аударылды. Сонымен қатар элегаздың қоршаған орта мен адамға зияндығын анықтау үшін тәжірибелік қарапайым есептеулер жүргізілді. Бұл есептеулердің мысалы ретінде негізгі бөлімде есептелген кәсіп орынның таңдалған элегаздық ажыратқыштары негіз алды.

Және кәсіпорындағы қауіпсіздік техникасы мен элегазды ажыратқыштармен, SF₆ газымен, және оның өнімдерімен жұмыс істеу реті мен нұсқаулары берілді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жалпы ережелер Барыбин, Ю. Г., Л. Е. Федоров. Электр тораптары мен электр жабдықтарын жобалау бойынша анықтамалық. – М.:, 1991. - М.: Изд-во КАЗ.
2. - М.: Энергия, 1967. - М., 2011.
3. Қостанай қ., Промышленная к-сі, 41. М. электр жарығы. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Изд.4-ші, қайта өңдеу-М.: Энергия, 1976. Екіжақты аударма іске асырылған.
4. Электр тораптары мен электр жабдықтарын жобалау бойынша анықтамалық / / Под редакции Ю. г. Астана Барыбина и др. - М.: Энергоатомиздат, 1991. – Мск.2011.
5. Васин В. М., С. Липкин Ю. "өндірістік кәсіпорындар мен қондырғылардың электр жабдықтары" мамандығы үшін Дипломдық жобалау. - М.: Жоғары Мектеп, 1977. - М.: Изд-во КАЗ.
6. Электр станциялары мен қосалқы станциялардың электр бөліктері туралы мәліметтер. Бизнес-процестер анықтамалығы. - М.: Энергоатомиздат, 1989. - М.: Жоғары Мектеп, 2011.
7. Электр желілерін электрмен жабдықтау. - М., 1975. – 348 Б.
8. Өндірістік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау бойынша курстық және дипломдық жобалау үшін оқу құралы. – М.: Энергоатомиздат, 1987 . – Мск.
9. Электр тораптары мен тораптары. – М.: Энергия, 1981. – 360с.
10. "Баян" ақ өнеркәсіптік кәсіпорындарын электрмен жабдықтау негіздері: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – М.: Энергия, 1986. – 408с.
11. Электр қондырғыларын орнату ережесі. - М.: Главгосэнергонадзор Ресей, 1998. - М.: Жоғары Мектеп, 2011.
12. Электр тораптарындағы релелік қорғаныс, автоматика және телемеханика-М.: Жоғары мектеп, 1985. – М.: Изд-во КАЗ.
13. Қостанай Қ., Өнеркәсіптік, 41.В. Релелік қорғаныс. Оқу.пособие. - М.: Энергия, 1989. - М.: Жоғары мектеп, 1974.
14. Электр станциялары және қосалқы станциялар. - М.: Энергоатомиздат, 1987. - М.: Изд-во Каз.ССР.
15. Электр қондырғыларындағы қауіпсіздік техникасының негіздері. жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. - 2-ші басылым., қайта өңдеу және доп. – М.: Энергоатомиздат, 1984. - 448 б., Әл.
16. Афанасьев, Е. И., Скобилев В. М. жарық көздері және іске қосу-реттеу аппаратурасы. 2-ші басылым. өңдеу-М.: Энергоатомиздат, 1987. 301. С.
17. Айзенберг Ю. Б. Жарық аспаптары.- М.: Энергия, 1986. - М.: Жоғары Мектеп, 2011.
18. Электр жарығын жобалау үшін анықтамалық кітап / / с редакцией К. М. П. 1.Жалпы ережелер-М.: Энергия, 1976. - М.: Жоғары Мектеп, 2011.
19. Қостанай Қ., Өнеркәсіптік, 41. А. жарықтандыру қондырғылары. - М.: Жоғары Мектеп, 1984. - М.: Изд-во КАЗ.